



Айлы ормандағы сиқырлы дос

Сымбат Абирбекова



Жасыл төбелердің ортасында орналасқан әдемі ауылда 8 жасар Айару есімді ақылды да мейірімді қыз өмір сүріпті. Оның ұзын қарашашы, үлкен қоңыр көздері және иығынан тастамайтын кішкентай қызыл сөмкесі бар еді. Айару өзгелерге көмектесуге әрдайым дайын тұратын. Бірде ол ауыл шетінде серуендеп жүріп, іргедегі жұмбақ орман ішінен жарқыраған бейтаныс жарықты байқап қалды. Соны көрген қыздың қызығушылығы оянып, жұмбақ жарықтың сырын ұғу үшін орманға қарай аяңдады.



Айару орманның ішіне тереңдеп енгенде, қарсысынан қанаты жарқыраған кішкентай алтын түсті айдаһар шыға келді. Сәлем! Менің атым — Луми. Сүйкімді қыз, сен бұл орманға қалай келіп қалдың, – деп сұрады кішкентай айдаһар мұрнынан кішкентай сиқырлы ұшқындар шаша отырып. Айару қорықпай, күлімсірей жауап берді: Сәлем, Луми! Менің атым Айару. Мен сенің жарқыраған жарығыңды көріп келдім. Осылайша екеуі тез тіл табысып, адал дос болуға сөз байласты.



Айару мен Луми орман ішін аралап, ғажайып әлемге тап болды. Онда жылы жүзбен сөйлейтін кәрі ағаштар, түнде де нұр шашатын түрлі-түсті гүлдер мен әуендетіп ұшқан кішкентай перілер бар екен. Бірақ кенеттен аспанды қою қара бұлт қаптады. Сөйлейтін кәрі ағаш мұңды үнмен орманға қауіп төнгенін және қара бұлт орманның сиқырлы жарығын жұтып бара жатқанын айтты. Достар орманды құтқару үшін бірге әрекет етуге бел байлады.



Орманды құтқару үшін достар бірінші сынақтан өтуі керек еді, ол — жоғалған сиқырлы кілтті табу. Олар кілтті іздеп жүріп, тентек перілердің кілтпен доп сияқты ойнап жүргенін көреді. Луми сиқырымен кілтті алғысы келгенде, кенеттен өзінің орнына кішкентай көпіршіктер шығарып, Айарудың күлкісін келтірді. Айару сөмкесінен дәмді тәттілерін алып шығып перілерге ұсынды, ал риза болған перілер сиқырлы кілтті қуана қайтарып берді.



Екінші сынақта Айару мен Луми ормандағы үлкен үңгірге тап болып, одан зор алып мақұлықты кездестірді. Бұлттай үлкен алыпты көргенде Айару жүрексіне қорықты. Бірақ мұқият қараса, алыптың көздерінде үлкен мұң мен жалғыздық тұрған еді. Айару қорқынышын жеңіп, алыпқа жақындап, онымен дос болуды ұсынды. Алып қуаныштан көзіне жас алып, достарға жол көрсетіп, екінші сынақтан өтуге көмектесті.



Үшінші сынақ басталғанда, аспандағы қою кара бұлт бұрынғыдан да төмендеп, орасан зор суық салды. Луми мен Айару кара бұлттың орталығына қарай бет алды. Олар жақындаған сайын, бұлттың ішінен ашулы өкірік емес, сыбырлаған мұңды жылау дауысы естіле бастады. Осы сәтте Айару кара бұлттың бойында үлкен бір құпия бар екенін сезді.



Айару мен Луми қара бұлтпен бетпе-бет кездескенде, орманның соңғы жарық сәулелері өше бастады. Қара бұлт достарды қорқытқысы келіп, зор суық жел соқтырды. Луми бар күшін жинап, алтын сәулелі қанаттарымен Айаруды суықтан қорғап қалды. Оқиға шыңдалып, орманның тағдыры шешілер сәт туғанда, Айару қара бұлтқа үреймен емес, жылы мейіріммен қарады.



Айару қара бұлттың жамандықтан емес, ешкім онымен ойнамағандықтан жалғыздық пен реніштен пайда болғанын түсінді. Қыз алға қадам басып, қара бұлтқа жақындап, сен жалғыз емессің, біз сенімен дос боламыз деді. Луми де өзінің алтын жарығымен бұлтты жылытты. Мейірімділікке жібіген қара бұлт біртіндеп еріп, кішкентай аппақ мамық бұлтқа айналып кетті.



Қара бұлт жоғалған бойда, орманға қайтадан жарқыраған нұр оралды. Сөйлейтін ағаштар ырғалып, сиқырлы гүлдер бүр жарып, перілер мен алып қуаныштан билеп кетті. Луми де өзінің сиқырлы күшін қорқынышпен емес, мейіріммен және сабырмен дұрыс басқаруды үйренді. Оның қанаттары бұрынғыдан да жарқырап, айналаға қуаныш ұшқындарын шашты.



Күн батарда Айару өзінің сүйікті ауылына қайтты. Ол өзінің кішкентай қызыл сөмкесіне ормандағы жаңа достарының сыйлықтарын салып алды. Болған оқиғаларды еске ала отырып, Айару ең үлкен сиқыр жүректегі мейірімділік пен шынайы достық екенін түсінді. Бұл ертегіден алар сабақ: 1. Шын мейірімділік кез келген реніш пен жалғыздықты жеңеді. 2. Достық пен батылдық кез келген қиындықты еңсереді. 3. Адамдарды сыртқы келбетіне қарай емес, жүрегіне қарай бағалау керек.